# ТАУ ТҰЛҒА ТАШЕНОВ...

«Маған керегі лауазым емес, қазақ халқының бірлігі мен жерінің тұтастығы керек, ол арманыма жеттім, елім жерім орнында» - бұл ұлт үшін отқа түссе күймейтін, суға салса батпайтын рухы мығым тау тұлға Жұмабек Тәшеновтың сөзі.

Мемлекет қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшенов 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысы, Аршалы ауданының Танакөл ауылында дүниеге келген. 1932 жылы Ақмола құрылыс, теміржол техникумдарынан соң, лауазымды қызметті аудандық атқару комитетінің хатшылығынан бастайды. Кейін облыстық жер бөлімінің орынбасары, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің төрағалығына дейін биік лауазымды қызметтер атқарады. 1955 жылы Украина ОК КП-ның Жоғары партия мектебін бітіреді.

1960 жылдардың басында сол кезеңдегі КСРО-ның Бас хатшысы Н.С.Хрущевтың басшылығымен қазақ жеріндегі тың өлкесін игеру деген желеумен солтүстіктегі бес облысты Ресейге, батыстағы Маңғыстау түбегін Түркіменстанға, оңтүстіктегі біраз аумақтарды өзбек ағайындарға беру туралы бастама көтереді.

Министрлер Кеңесінің төрағасы Тәшенов Н.Хрущевтың бұл бастамасына үзілді-кесілді қарсы болады, «Мәскеу Ата заңдарды негізге алмай, жергілікті билікпен есептеспей шеше берген жағдайда, жергілікті халық халықаралық ұйымдарға дейін баруға бастама көтеруі мүмкін» екенін жеткізеді... Содан кеңес үкіметінің басшысы біртіндеп райынан қайтады.

Алланың пендесінің кейде үлкен абыроймен биік мәнсапқа құл болып кететін жәйттері көп кездеседі ғой, ондайды атам қазақ мына шіркіннің көзіне шел бітіп кетті деп сөгеді. Ал, Тәшенов болса, елі мен жері үшін басын бәйгеге тікті, осы қылбұрау қиын тұста Хрущевқа ата бабасының мыңдаған жылдар бойы мызғымастан, табан аумай тұрып келе жатқан жерінің тұтастығын, елдің бірлігін алға тартып, жеке басының тірлігін ойлап қарсы шыға алмай бұқпантайлап қалған жағдайда, тарихтың бағыты өкініші таусылмас басқа арнаға бұрылып кетуі әбден мүмкін еді.

ХХ ғасырдың екінші жартысында биік лауазымға көтерілген Жұмабек Тәшенов феномені кездейсоқ дүние емес, ол туралы алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы Ханкелді Абжанов былай тарқатады: «Тәшеновтың жер, тіл үшін күрескені кездейсоқ емес, оның тамыры тереңде жатыр, ол Алаш қозғалысында, одан да әрі Исатай, Махамбеттер замандарында жатыр, Тәшенов сол күрестердің жаңа жағдайдағы жалғасы, соның белсенді атқарушысы, сонысымен халқымыздың рухын, оптимизімін, сенімін жоғалттырмады» деп ойын түйеді.

- 1956 жылы партияның ХХ съезінде Сталиндік репрессия құрбандарын ақтау жөнінде, сонау 1937 жылдың қақпанына түскен ұлт арыстарын ақтау комиссиясының төрағасы болып Ж.Тәшенов тағайындалады. Осы тұста жазықсыз жаламен тартылған арыстарымыз ақтала бастайды. Сол кезеңде бұл ұлт рухын оятқан үлкен оқиға болған еді. Алаштың арыстары ақталмай тұрған тұста, Алматыда үйсіз-күйсіз жүрген Мағжан Жұмабаевтің жұбайы Зылиха Құрманбаеваға және қазақ зиялыларына Қабанбай батыр мен Қонаев көшелерінің қиылысында пәтер алып береді.

- Бүгінгі Алматыдағы Абай даңғылын мәңгілік



өзгерместей етіп шегендеп тастаған да Жұмабек Тәшенов екенін біреу білсе, біреу білмес.

- Ұлт әдебиетінің жаршысы болған Қазақ әдебиеті газетінің тағдыры қыл үстінде тұрғанда да, белден басып алып қалған Жұмабек Ахметұлы болған жоқ па?

- Мәскеуде өткен Қазақ өнерінің онкүндігінде ұлтымыздың бес бірдей талант иелеріне КСРО-ның Халық әртісі атағын әперу үшін де беделі мен абыройын салған Ұлт мақтанышы Ағамыз емес пе?

- Әттеген ай да жоқ емес, Жұмабек Ахметұлының баласы Саян Тәшеновтың айтуынша, «әкесі Рейхсатгқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын әперу үшін Жоғарғы Кеңестің Президиумында мәселе көтереді, куәлікке Григорий Булатовты шақыртады, ол бұлжытпас дәлелді ойларын айтады... Осы Президиумның мүшесі Антонов деген Маршал қарсы болып, ол еңбегі үшін Р.Қошқарбаевқа Ленин ордені берілген, екі атақ берілмейді дейді. Әкем мұнымен тоқтамай, ОК-тің екінші хатшысы Терещенконың келісімін алады, осы тұста әкем де, Терещенко да жұмыстан босайды»... деп ойын қорытындылайды.

Содан 1961 жылы Мәскеу Жұмабек Тәшеновты түрлі негізсіз сылтаулармен қызметінен босатып, тұқыртып Шымкент облысы Атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп тағайындайды. Бұл қызметте де Жұмабек Ахметұлының абыройы жетерлік болды. Оңтүстік өңірде орын алған мына бір жағымсыз тарих атты алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев еске алады: «1965 жылы Оңтүстік қазақстан облысындағы «Ащысай полиметал комбинатында жайсыз жағдай қалыптасады, бұл қорғасын шығаратын ірі комбинат болатын. Өнеркәсіпте жүзге тарта инженер кадрлары жұмыс жасайды, өкінішке орай комбинат тікелей Мәскеудің түсті метал министрлігіне бағынады, басшы кадрлар сол жақтан тағайындалады. Осындай бір кезеңде жергілікті инженер кадрларды жұмысқа алмай қиыншылық туындайды, квалификацияларына байланысты қызмет бермей әуре сарсаңға салады. Содан инженер кадрлар ақылдасып, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Жұмабек Тәшеновке келеді. Ол кісі хатпен танысып, бұл мәселелер маған таныс жағдайлар, мен түсіндім дейді де, мынау біздің инженер кадрлар өсіп қалған екен, мен соған қуанып отырмын дейді, жазғандарыңыздың бәрі дәлелді мәселе, мен сіздердің ұстанымдарыңызды қолдайтынын айтады. Сонымен Орталықтан өтінішті тексеруге келген Кулибаев бастаған комиссия, хатта көрсетілген фактілердің жүз пайыз дәлелді екеніне көздері жетеді, содан еліміздің өндіріс орындарына ортақ тиімді шешім шығарыла бастайды» деп ойын түйіндейді.

1975 жылы Тәшенов Жұмабек Ахметұлын денсаулығының қуаттылығына қарамастан зейнеткерлікке жібереді. Апырып жұмыс атқарып қалыптасқан Тәшенов ғылым саласына көшіп, Шымкенттегі «Қаракөл ауыл шаруашылығы ғылыми зерттеу институтына қызметке орналасып, кейін өмірінің соңына дейін директоры лауазымын атқарады.

Жұмабек Ахметұлының отбасымен жақын туыс ретінде өз қолымен оң жаққа қойып, мәңгілік үйіне жайғастырған, Түркістан облыстық Қаз дауысты Қазбек би қорының төрағасы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Түркістан қаласының Құрметті азаматы Досыбеков Пернетай Қамбарұлы Жұмекеңнің отбасы туралы біраз мағлұмат берді:

Тәшенов Саян Жұмабекұлы - 1942 жылғы,
Тәшенов Саят Жұмабекұлы - 1944 жылғы,
Тәшенов Болат Жұмабекұлы - 1946 жылғы,
Тәшенов Мұрат Жұмабекұлы - 1948 жылғы,
Тәшенова Алла Жұмабекқызы - 1951 жылғы.

Тәшенов Жұмабек Ахметұлы - ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының қиыншылығы мен қайшылығының жиынтық тұлғасы. Тарих қай заманда болсын өз жұмбағын жасырып қалады емес пе? Сөйткенмен Жаратқанның пенделерінің әділдік пен шындыққа бағытталған істері ерте ме, кеш пе ашылады, қай заманда болса да әділ бағасын алатыны бесенеден белгілі.

Жұмабек Тәшенов ағамыз үлкен саясаттың сан қилы құйтырқы түлкі бұлаңдарына мойымай, өмірінің соңғы күндеріне дейін сырын, сынын жоғалтпай, әр қазақ менің жалғызым деген принциптен айнымай арғымақ ғұмыр кешкен қазақ халқының біртуар асыл перзенті, әрдайым ардақ тұтуға лайықты тұлға.

Тарих Тәшеновқа қарыздар!

**Жұмағали МАҒЗИ,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.**
**Қарағанды қаласы,**
**10.01.2025 жыл.**